

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ



ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
АСАНОВА Ұлмекен Отарқызының
60 жасқа толған мерейтойына арналған

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР
МАТЕРИАЛДАРЫ

АСТАНА, 2022

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

*РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР
МАТЕРИАЛДАРЫ*

АСТАНА
2022

ӘОЖ 37:80/81
ББК (КБЖ) 74:81.2
Қ 16

Жалпы редакциясын басқарған:
Құлманов Қуандық Сәндібекұлы
Филология ғылымының кандидаты, профессор

Жауапты шығарушылар:
Абдуова Б.С., Әділбек А.М., Мағзұмбекова Ә.Қ.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының 60 жасқа толған мерейтойына арналған **«Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар»** атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. 25 қараша 2022 ж., Астана, ЕҰУ. – 356 б.

ISBN 978-601-337-778-0

«Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар» атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары жинағына қазақ тілін оқытудың өзекті мәселелері, тілдерді заманауи оқыту және инновациялық технологиялар, мәдениетаралық коммуникациядағы түркі тілдері секілді қазіргі көкейкесті зерттеулер, ғылыми материалдар енгізілген. Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының еңбектері, ұстаздық болмысы, ғалымдығы жайлы мақалалар қамтылған.

ӘОЖ 37:80/81
ББК (КБЖ) 74:81.2
Қ 16

ISBN 978-601-337-778-0

сипатына терең мән беруі, нәтижеге бағытталған білім беруде жаңа жолдар мен әдістер табуға дағдыланған маман болуы қажет

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Ендеше осы қазынамыз ортаймасын. Еліміздің білім саласы әлемдегі үздік білім жүйелерінің тәжірибесі негізінде дамуын толастатпай, «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар» демекші, білім саласындағы басым бағыттардың бірі – педагог мәртебесі арта берсін. Еңбегіміз жемісті, мектебіміз табысты болсын.



ӨЗГЕ ТІЛДІ АУДИТОРИЯҒА ШАРТТЫ РАЙДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІН МЕҢГЕРТІП ОҚЫТУ

Өтелбай Г.Т., ф.ғ.к., доцент
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
o.gulbaira.t@mail.ru

Аннотация. Мақала қазақ тілін екінші немесе шет тілі ретінде оқитын аудиторияда шартты рай жұрнақтарын оқыту сәтінде кездесетін мәселелердің алдын алу мақсатында жазылды. Қазіргі және Алаш тілшілерітұсындағырай түрлері мен шартты райдың мағыналық жіктелуіне шолу жасалды.

Кілт сөздер: рай категориясы, шартты рай, тілшілер, жұрнақтар, мағына, қызмет

Аннотация. Статья написана с целью предотвращения проблем, возникающих при обучении суффиксов условного склонения в аудитории, изучающей казахский язык как второй или иностранный. Сделан обзор на виды склонений и семантическую классификацию условного склонения в период современного казахского языка и эпохи лингвистов Алаш.

Ключевые слова: рай категориясы, шартты рай, тілшілер, жұрнақтар, мағына, қызмет

Қазақ тілін екінші тіл ретінде үйрету әдістемесінде ден қойып, көңіл аударарлық мәселе көп. Себебі ана тілі өзге тіл болғандықтан, ауызекі сөйлеу барысында білім алушы әдетте калькалап сөз саптаумен шектеледі. Нақтырақ

айтсақ, қазақ тілінде жеткізетін ойын алдымен іштей ана тілінде сөзбе-сөз аудару арқылы іске асырады. Бұл, әсіресе, орыс тілді білім алушылар аудиториясына тән құбылыс.

Мәселен, шартты рай категориясына қатысты **«Онда менің досым да барады, егер мен киноға барамын»** немесе **«Егер жаңбыр жауады, онда мен үйден шықпаймын»**. Демек, өз тілінде **«Мой друг ходил бы тоже в кино, если бы я ходил»** немесе **«Если будет дождь, то я не выйду из дома»** деп ойын тікелей аудару арқылы жеткізіп тұр. Білім алушылар қазақ тілінде де условное наклонение барын біледі, дей тұрғанмен оның жұрнақтарын қолдануды жадында сақтай алмай калькалап сөйлем құрастырады. Мұндай мәселелер жыл сайын жаңарып отыратын оқу топтарында қайталана береді.

Жиі ұшырасатын осы тектес мәселелердің алдын алу үшін алдымен екі тіл арасындағы ұқсастық-ерекшелікті түсіндіру қажет. Біріншіден, **«бы»**, **«если»**, **«то»** шылауларының орнына жүретін **«егер»**, **«онда»** сөздерін қазақ тілінде қолданбауға да болатынын ескерткен жөн. Шартты райдың жұрнағын пайдаланғанда олар қажет емес. Екіншіден, есімдіктерді қолдануды да сол ережеге ұқсас реттеуге болады. Сонда сөйлемдер **«Киноға барсам, досым да барады»**, **«Жаңбыр жауса, үйден шықпаймын»** түрінде қысқа әрі ұғынықты шығады. Тіл үйренуші нұсқасымен салыстырсақ, бірінші мысалымыз 4 сөзге қысқарып тұр, ал екінші сөйлем 3 сөзге азайды. Тілді білу деңгейі төмендер үшін қысқа сөйлемдер ұсыну тиімді келсе, нәтижесі өнімді болмақ.

Практикалық сабақ ұғынықты өтуі үшін алдымен рай категориясы, оның түрлері, жасалу жолдары туралы таныстырып өту артық емес. «Сөйлеушінің қимыл, іс-әрекетке көзқарасын, қимылдың, іс-әрекеттің шындыққа, болмысқа қатысын, модальдық мәнін білдіріп, белгілі парадигмалық тұлғалар жүйесінен тұратын етістіктің грамматикалық категориясы рай категориясы деп аталады» деп түсіндіреді «Қазақ грамматикасы» [1, 512]. Салыстырып қарасақ, біздегі рай түрлерінің саны орыс тіліне сәйкес келеді. Ашық райдан (изъявительное наклонение) басқаларында жұрнақтары, олардың жасалу жолдары берілетіні түсінікті. Қазақ тілінде шартты рай (условное наклонение) -са, -се жұрнақтары арқылы жасалатыны да белгілі. Олармен тек шарт мәнді сөйлемдер құрастыра салу да тіл білу деңгейі орташа білім алушыларға соншалықты қиындық тудырмайды.

Ал енді сол екі жұрнақпен таныс студенттерден олардың басқа қандай мағынаға ие болатынын сұрағанымызда ұзақ ойланып қалады. Мұндай сәттерде сол сауал бойынша өз бетінше ізденуге тағы уақыт беріледі. Тапсырма барысында көпшілігі ешқандай жауап таба алмай жатса, кейбірі тілімізде бар мағынасының бәріне болмаса да, бірді-екілі мысал дайындап үлгереді. Теория тұрғысынан айтыла бермейтін мысалдарға да ұшырасып жатамыз. Мәселен, -са, -се жұрнақтарымен бұйрық райдағы **«алып кел»**, **«тексер»** тіл үйренушілер тарапынан кейде **«алып келсей, тексерсей»** формасында ұсынылады. Олардың еліміздің кейбір өңірлерінде қолданылатын тіркестер екенін жоққа шығара алмаймыз. Егер берілген тіркестерге сыпайы түрін жасаушы -шы, -ші қосымшасын жалғасақ, шарттылық емес, өтініш немесе арман-тілек

мағынасына ие болады. Бұл туралы «Қазақ тілі» энциклопедиясында: «Мұндайда етістік таза шарттық мәннен гөрі ниет, тілек мәнді білдіреді» [2, 126] деп тұжырымдалған. Ал олармен тіркесе келетін «ғой», «екен», «етті», «еді» секілді көмекші сөздер қосымша реңк беріп арман, тілекті күшейту мақсатына қызмет етеді. Мысалы, **шындықты айтса ғой, кешікпесе етті** т.б.

Байқағанымыздай, шартты рай жұрнақтары жалғанатын етістіктерге қосымша мағына беретін көмекші сөздердің арқасында рай категориясы атауы да ауысады екен. Мәселен, «игі еді» арқылы қалау рай жасалса, «керек» сөзі болжам мағынасына ие болады: **Грант ұтып алса игі еді. Оның пойызы кешіксе керек.** Ал «да», «де» шылауларының жәрдемімен «**Жылы киінсе де, денесі мұздағанын сезді**» немесе «**Шындық айтылса да, айтқанынан қайтпады**» секілді қарсылық мағынасындағы сөйлемдер құрастырылады. Шартты рай жұрнағы мезгіл бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы қызметін де атқарады. Мысалы: **Терезені ашсам, далада құстар ән салып жатыр.** Келтірілген сөйлемдердегі шартты рай жұрнағының мағыналық айырмашылығын ажырату үшін оқушы қауымға жан-жақты түсіндіру қажет. Ол міндет жұрнақ қатысқан бөлікке немесе тіркеске сұрақ қою, тіл аралық өзгешеліктерді ұғындыру, салыстыру, жаттығулар орындату т.б. тәсілдер көмегімен жүзеге асырылады.

Қазақ тілі білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлы сөйлем түрлерін жіктегенде шартты рай жұрнақтарымен келетін мысалдарды бағыныңқы сөйлемдер ішінде келтіреді: «а) Бастауыш бағыныңқы сөйлем. **Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер.** б) Анықтауыш бағыныңқы сөйлем. **Кімнің жерін жерлесен, соның жырын жырларсың**» [3, 211]. Бастауыш деу себебіне «Алдыңа не келеді?» сауалына берілетін «Атаңа не қылсаң - сол» деген жауапты тиек етеді. Ал екінші мысал «кімнің?» сұрағы қойылғандықтан, анықтауыш мәнге ие болып тұр. Осылайша ұлт ұстазы бағыныңқы сөйлемдер ережесіне бірнеше рет шартты рай жұрнақтарын пайдаланып, мағынасына қарай жіктеп отырады. «Толықтауыш - п), мезгіл пысықтауыш- с), мекен пысықтауыш – ж), сын пысықтауыш – ш), себеп пысықтауыш – қ) шартты - е) және ереуіл бағыныңқы - з)» секілді сөйлем түрлерін мысалдармен түсіндіреді: «п) **Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аларсың;** с) **Қашанға дейін ұйқым келмесе, соған дейін отырамын;** ж) **Егін қайда болса, береке сонда болады;** ш) **Қалай бақсаң, атың солай жүрмек;** е) **Көсеу ұзын болса, қол күймейді;** з) **Тартса да бар күштерін аямай-ақ, аслан жүк орнынан қозғалмайды**» [3, 213-216]. Ескерту: анықтама мен мысал А.Байтұрсынұлы кезіндегі алфавит ретімен беріліп отыр.

Ал шартты райдың өзіне келгенде Алаш тілшілері оның мағыналық қызметін өзгеше жіктеп түрлендіреді. Ахмет Байтұрсынұлы мен Қошке Кемеңгерұлының жалпы рай категориясына қатысты ережелері салыстыруға қолайлы болу үшін кесте арқылы ұсынылды [4, 173-174]:

2-қосымша

1	Рай атаулар	Ахмет Байтұрсынұлы	Ахмет Байтұрсынұлы	Қошке Кемеңгерұлы
---	-------------	--------------------	--------------------	-------------------

	ы	(етістік райлары)	(көсемше райлары)	
2	Тұйық рай	Жазбақ, күреспек, жыламақ, жуынбақ	Жаза бермек, күресе тұрмақ, жылай тұрмақ, жуына бермек	Жазбақ, күреспек, жыламақ, жуынбақ
3	Ашық рай	Жазамын, күрестің, жыларсыңдар, жуынбассың	Жазып беремін, күресіп тұрдың, жылай тұрасыңдар, жуына бермес	Жазамын, күрестің (күресіпсің, күрескен едің, күресіп едің, күресуші едің), жыларсыңдар, жуынбас
4	Бұйрық (билік) рай	Жазайын, күрес, жылаңдар, жуынсын	Жаза берейін, күресе тұрайын, Жазып берейін, күресіп тұрайын	Жазайын, күрес, жылаңдар, жуынсын
5	Шартты рай	Жазсам, күрессең, жыласаңдар, жуынса	Жаза берсем, күресе тұрсаң, жылай тұрсаңдар, жуына берсе	Жазсам, күрессең, жыласаңдар, жуынса
6	Ереуіл рай	Жазсамда, күрессеңде, жыласаңдарда, жуынсада	Жаза берсемде, күресе тұрсаңда, жылай тұрсаңдарда, жуына берседе	Жазсамда, күрессеңде, жыласаңдарда, жуынсада
7	Реніш рай	Жазсамшы, күрессеңші, жыласаңдаршы, жуынсайшы	Жаза берсемші, күресе тұрсаңшы, жылай тұрсаңдаршы, жуына берсейші	Жазсамшы, күрессеңші, жыласаңдаршы, жуынсашы
8	Қалау рай	Жазсам ба екен, күрессең екен, жыласаңдар екен, жуынса екен		Жазсам екен, күрессең екен, жыласаңдар екен, жуынса екен
9	Сенімді рай	Жазғаймын, күрескейсің, жылағайсыңдар, жуынғай		
10	Сенімсіз рай	Жазар ма екем, күресер ме екенсің, жылар ма екенсіңдер, жуынар ма екен		Жазар ма екем, күресер ме екенсің, жылар ма екенсіңдер, жуынар ма екен
11	Болжал рай	Жазар едім, күресер едің,		Жазар едім, күресер едің, жылар едіңдер,

		жылар едіңдер, жуынар еді		жуынар еді
12	Мұң рай	Жазар ма едім, күрсер ме едің, жылар ма едіндер, жуынар ма еді		Жазар ма едім, күресер ме едің, жылар ма едіңдер, жуынар ма еді
13	Көніс рай	Жазамын-та, - тағы, Күрсесің-та, -тағы, жылайсыңдар-та, -тағы, жуынады- та, -тағы		Жазамын-да, -дағы, күрсесің-де, -дағы жылайсыңдар-да, - дағы, жуынады-да, - дағы
14	Қайрау рай	Жазайыншы, күресші, жылаңдаршы, жуынсыншы		Жазайыншы, күресші, жылаңдаршы, жуынсыншы
15	Азалы рай	Жазсайшы, күрессейші, жыласайшы, жуынсайшы		
16	Теріс рай	Жазса игі еді, күрессе игі еді, жыласа игі еді, жуынса игі еді		Жазса игі едім, күрессе игі едің, жыласа игі едіңдер, жуынса игі еді

Мән беріп қарасақ, қазіргі қазақ тілінде жалпы рай категориясы түрі - төртеу. Ал Алаш тілшілері еңбектерінде бұдан 4 есеге артық. Оның ішінде шартты рай жұрнақтарының қатысуымен 6 мағыналық қызметі айқындалып тұр. Бұлай жіктелу сөз жоқ, тіліміздің қасиетіне, нормасы мен табиғатына сай пайда болғанын аңғарамыз.

Кестеде А.Байтұрсынұлы көмекші етістіктер мен -а, -е, -й жұрнақтары арқылы келетін негізгі етістіктерден көсемше райларын ұсынады. Егер -ған, -ген, -қан, -кен жұрнақтары мен жатыс септігі арқылы мысалдар келтірсек, есімшенің де шартты рай жасауға қатыса алатынына көз жеткіземіз: **Ол ұшаққа кешікпеген-де, іскери кездесуден қалмайтын еді.** Сөйлем шартты рай жұрнағымен жасалатын «**Ол ұшаққа кешікпесе, іскери кездесуден қалмайтын еді**» деген мағынада тұр. Мысалдың алғашқы нұсқасына тәуелдік жалғауын қосып түрлендірсек те, шарт мәнге ие болады: **Ол ұшаққа кешікпеген-і-нде, іскери кездесуден қалмайтын еді.** Әдетте есімше жұрнағы жатыс септігімен бірігіп мезгілдік мағынаны білдіреді және «қашан?» сұрағына жауап береді. Ал шарт мәнге айналу үшін сөйлемнің екінші жартысындағы етістік те есімше жұрнақтарынан жасалып «еді» етістігі тіркеседі: **қалмайтын еді, айтпас еді, жүрер еді т.б.**

Қорыта келе айтарымыз, грамматикалық категорияларды үйреткенде, олардың мағыналық қызметін жіктегенде тіл құбылысы мен табиғатына, отандық ғалымдар еңбектеріне және тіл білімі мен әдістемелері тәжірибесіне сүйенсек, тақырып терең ашылып, ұсынылатын материал ұғынықты болады. Бұл оқушының қазақ тілі туралы мағұлматын да байытады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. -784 бет.
2. Қазақ тілі. Энциклопедия (бас редакторы – Е. Арын). – Алматы: «IDK-ТИРО» редакциялық баспа-орталығы, 1998. – 509 б.
3. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері (кұраст.: Ғ. Әнес). – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.
4. Өтелбай Г.Т. Алаш тілшілері еңбектеріндегі рай категориясы // «Түркістан мұхтариятынан алаш автономиясына дейін: қазақ мемлекеттілігінің негіздері және тарихи сабақтастық» Алаш және Түркістан автономияларының 97 жылдығына арналған республикалық ғылыми конференция материалдары. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2014. – 171-174-б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Өткелбаева А.А.

Әли Мүсілімов атындағы
№101 мектеп-лицейінің директоры
Utkelbaeva8080@mail.ru

Аннотация. Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың пікір айту, ауызша, жазбаша сауатты сөйлеу, әрбір адамға қажетті коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру.

Кілт сөздер: таным, құзыреттілік, ұғым, функционалдық сауаттылық.

Аннотация. Формирование у студентов мнения, устной и письменной грамотной речи, коммуникативных навыков, необходимых каждому человеку в процессе обучения казахскому языку.

Ключевые слова: знание, компетентность, понятие, функциональная грамотность.

Еліміздің білім беру саласында ұлттық саясатты ұстануы, халықаралық деңгейге ұмтылуы, оқу үдерісін жаңа жүйеде ұйымдастырылуы орта білім беру жүйесін инновациялық технологиялар негізінде жаңаша жұмыстар жасауға міндеттейді. Қазіргі қоғамда адамдардың ақпараттық сауаттылық деңгейін